



**Бағдарлама**  
«Өнердің үрпак - жарқын болашақ»  
атты эстетика, дene тәрбиесі  
бірлесмегінің онкундік іс-шараларының  
**ЖОСТАРЫ**  
(22.01-02.02.2024жыл)

Оқы, білім-жсанған ишырақ, ойласаң,  
Үйренерсің, ізден көрсөң қоймасаң.  
Кү өнерді, бу белгідімжігер сал!  
Пайда алаresын, қауысандарсын, тоймасан.

**Ж.Аймауытова**

**Айық сабактар**

**24.01.2024ж «Дене жемттыгулары кезінде**  
**13.30-14.10 өзін-өзі басқару.Кайталап**  
**3x40 м жүгіру»**  
А.Күлем, 5 «б» сыныбы,  
№1 спорт зал

**Сыныттан тыс шаралар**

**22.01.2024ж «Қызық ойындар эстафетасы»**  
**12.15-13.05 дene шынықтыру мұзгапіндері**  
Мектем ауласы

**24.01.2024ж «Козгалталау эстафеталық**

**12.30-13.15 ойындар»жарысы**  
Г.Сатенова, Б.Петрова  
3 сыныттар  
№2 спорт зал

**24.01.2024ж «Козгалталау ойындар»**

**12.30 -13.05 Эстафеталық ойындар.**  
А.Сайлаубай, 3 «а» сыныбы,  
№1 спорт зал

**24.01.2024ж «Шанамен жарыс»**

**11.05-11.45 эстафеталық ойын**  
Б.Тұлқибаев, 4 «д»сыныбы  
Мектем ауласы

**25.01.2024ж «Волейбол біріншілігі»жарысы**

**10.20-11.05 Ж.Оңгарбай, 8 сыныттар**  
№2 спорт зал

**26.01.2024ж «Дене жемттыгулары кезінде**

**08.45-09.25 өзін-өзі басқару.Кайталап**  
**3x10 м жүгіру»**

**Б.Еламан, 4 «а» сыныбы**  
№2 спорт зал

**25.01.2024ж «Шанамен жарыс»**

**11.05-11.45 эстафеталық ойын**  
Б.Тұлқибаев, 4 «д»сыныбы  
Мектем ауласы

**26.01.2024ж «Дене жемттыгулары кезінде**

**08.45-09.25 өзін-өзі басқару.Кайталап**  
**3x10 м жүгіру»**

**Б.Еламан, 4 «а» сыныбы**  
№2 спорт зал

**27.01.2024ж «Шебер - кластар**

**09.30-12.30 Капалық «Көркем еңбек**  
**сағаында шығармашылық**  
**қабілеттерді дамыту»**

**шебер-клас К.Райымкулова**  
**шеберхана қатысуышылары**  
№18 кабинет

**28.01.2024ж «Атташкың жабылдыру**

**12.00 -13.15 «Биле, Биле»заману би**  
**байқауы**

**А.Оразалиева**  
**бірлесмегін мұзгапіндері,**  
**мәмлісін залы**

**31.01.2024ж «Цементтен ваза жасау»**  
**10.30-11.15 шебер-клас Н.Адилов,**  
**9 «б» сынын, №18 кабинет**



## **Эстетика және дene шынықтыру әдістемелік бірлестігінің**

**22.01-02.02.2024 жыл аралығында өткізілген**

**«Өнерлі ұрпақ –жарқын болашақ»**

**атты онкүндіктің қорытынды талдауы.**

**Мақсаты:** «Сабактарда оқытудың жаңа технологияны пайдалану жолдары мен әдістәсілдерін тиімді менгеру, тәжірибе алмасу»

Онкүндіктің алғашқы күнін бірлестік жетекшісі К.Райымкулова өтетін іс-шаралардың бағдарлама жоспармен таныстырыды

1. Онкүндіктің ашылуы «Қысқы ойындар эстафетасы» тақырыбындағы іс-шарасымен 4 сыныптар арасында өткізілді. И-шара жоғары дәрежеде дайындықпен өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен пән мұғалімі Б. Еламановтың ұйымдастыруымен ата-аналармен оқушылардың қызығушылықтарын арттырып қызықты спорттық ойындарды қыс мезгілінде түрлі етіп өткізу шараларын көрсете білді, бір біріне қарым-қатынасын қалыптастыру арқылы әдептілікке, кішіпейлілікке тәрбие беріп, мәнерлі де ұлағатты іс-шара көрсетті.

2. 23.01.2024жылы «Бақытты балалық шак»атты сурет байқауы 5-6 арасында С.Булековтің ұйымдастырылуымен 2 этаждағы фоэде өтті.

Мақсаты: талантты оқушылардың шығармашылық қабілетін шындалап, өз белсенділігін көрсетуге мүмкіндік беру, дарынды баланы анықтау және көвшілікке шығармашылық шеберліктерін, қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік жасау.

Байқау шарты бойынша суретшілер салып жатқан суреттеріне қысқаша түсінік беріуі қажет. Байқау ережелеріне сай үміткерлердің суреттері іріктелініп алынды. Нәтижесінде белгіленген қазылар алқасымен жеңімпаздар анықталып, қорытындысы шықты.

Байқауға қатысқан, белсенділік танытқан барлық оқушыларға алғыс білдірілді.

3.24.01.2024жылы Дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Сайлаубай 3 «а» сыныбында «Қозғалмалы ойындар. Эстафеталық ойындар» тақырыбында ашық сабак өтті.

Сабактың мақсаты: Женіл атлетикадағы қозғалыс әрекеттерін жақсартады және эстафеталық ойындар арқылы дағдыланадыру. Сабак барысында оқушылармен эстафеталық элементтері бар дene жаттығулары жүргізілді.

Оқушыларды 4 топқа бөлу арқылы:

Эстафета тапсырма аралығы 10 -12 метр

Кедергі арасымен жүгіру.

Кедергі арасымен баскетбол допты секіртіп алып жүру.

Тез жүру

Допты кедергі қасына қояды сосын келесі оқушы алып келеді.

Допты аяқпен қысып секіру

Хоккей добын кежергі арасымен алып жүру

Секіртпемен секіру

Допты жоғарыдан беру

Допты аяқ астынан өтуізу.

4. 24.01.2024ж “Қозғалмалы эстафеталық ойындар” кластан тыс 3 сыныптар арасында дene шынықтыру пәні мұғалімдері Г.Сатенова мен Б.Петрова ұйымдастыруымен өткізілді.

Сабактың мақсаты:

-Салауатты өмір салтын насиҳаттай отырып эстафета спорттық ойынын дамыту және оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту.

- Оқушылардың денсаулығын арттыру және шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Жарыс 7 бөлімнен тұрды.

1. «Кім жылдам»
2. «Кедергілер арасымен допты алып жүру»
3. «Боулинг»
4. «Теннис добымен жүру»
5. «Кенгуру»
6. «Хоккей»
7. «Кольцомен жүгіру»

Жарыс соңында оқушылар марапатталды.

5. 25.01.2024жылы «Волейбол біріншілігі» 8сынып оқушылары арасында мұғалімі Ж.Оңғарбай ұйымдастырды.

пән

Мақсаты :Оқушыларды салауатты өмір салтына баулу,зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу,спортық шеберлікті жоғарлатып,мықты топтарды айқындау.

Бұқаралық спортты дамыту,достықта патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Ұлттық рухани мәдениетімізді қалыптастыру.

Жарыс айналмалы ережеде өткізілді.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін төменгі көрсеткіш бойынша анықтады;

Ұпай саны

Жеке кездесу

Жарыс нәтижесінде жеңімпаз ойыншылар марапатталды.

6.Сонымен қатар 25.01.2024жылы «Шанамен жарыс» эстафеталық ойыны 4 сынып ата-аналары мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарын қалыптастыру мақсатында деңе шынықтыру пәні мұғалімі Б.Тулкибаев өткізді.

Мақсаты: Қысқы ойында қозғалыс әрекеттерін жақсартады және эстафеталық ойындар арқылы дағыланады.

Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық байланыс нығаяды.

Қауіпсіздік және тәртіп ережелері,орташа қалыпта жүгіру , алғаның оң жағынан сол жағына қарай тұру.

1.Екі қол жоғарыда аяқтың ұшымен, екі қол белде өкшемен жүру.

2.Женіл жүгіріске көшу .

3.аяқты артқа , қолға жеткізе жүгіру, екі қол алдыда тізені биік көтере жүгіру. 4.Оң және сол жақ қырымен адымдап жүгіру екі қол белде

5.Жылдамдыққа жүгіру

6.Қолды екі жақтан тыныс ала көтеріп , түсіру, демді қалпына келтіру.

Эстафеталық элементтері бар деңе жаттығуларын орындау:

-Ойын эстафеталарын жүргізу.

-Оқушылар мен ата - аналарды 2 топқа бөлу.

-Эстафета тапсырма аралығы 10 -12 метр.

-Кедергі арасымен хоккей таяқшасымен кішкентай допты алып жүру.

-Кедергі арасымен балонмен командаласын алып жүру.

-Екі колзоны алма кезек жерге кою арқылы бала устімен жүгіріп өту.

-Кедергілер арқылы шанамен жарысу

Жарыс соңында әділқазылар алқасының қорытындысы бойынша тәтті сыйлықтармен марапаттау.

7. 26.01.2024ж «Дене жаттығулары кезінде өзін- өзі басқару.Қайталап

3x10 м жүгіру»такырыбында 4 «а» сыныбында Б.Еламановтың ашық сабағы өтті.

Сабактың мақсаты: Қарапайым жаттығуларды белсенді орындау, топтық жұмыстарда адамгершілік құндылықтар және патриоттық сезімді талқылау.

Сабактың уақытың жоспарлау кезінде жаңа сабак түсіндіріп, өтілу барысымен таныстырыды.

Қатардағы жаттығулар. Онға, солға бұрылулар. Мәнерлі жүрістер.

Жүрістегі жаттығулар. Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау.

Арақашықтықты сақтау.

Козғалыстағы жаттығулар тізбегі. Қолға, аяқ арналған бой жазу жаттығулары. Шенберге тұру.

Жалпы дамыту, жетілдіру жаттығулары.

Созылуға, илуге арналған жалпы дамыту жаттығуларды орындау. Буындарды, бұлшық еттерді негізгі қимыл-козғалыстарды орындауға дайындау.

«Пионербол» ойыны окушыларды допты екі қолмен лақтырып, қағып алу шеберлігін дамыту. Сабактан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасады. 8. 26 қаңтар күні 5 сынып окушылары арасында «Баскетбол» жарысын дene шынықтыру пәні мұғалімі M. Сарсенгалиев үйымдастырыды.

Мақсаты :Оқушыларды салауатты өмір салтына баулу, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу, спорттық шеберлікті жоғарлатып, мықты топтарды айқындау.

Бұқаралық спортты дамыту, достықта патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Ұлттық рухани мәдениетімізді қалыптастыру. Жарыс айналмалы ережеде өткізілді.

Әр ойын 5 минут аралығында 2 тайм уақыт беріліп отырды;

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін төменгі көрсеткіш бойынша анықтады;

Ұпай саны

Жеке кездесу

Жарыс нәтижесінде жеңімпаз ойыншылар марапатталды.

9. 2024 жылдың 29 қаңтар күні Ақтөбе қаласы білім бөлімі, «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес «№36 қазақ орта мектебі» КММ көркем еңбек пәні мұғалімі К. Райымкулованың «Көркем еңбек сабакында шығармашылық қабілеттерді дамыту» тақырыбында шебер-клас отырысы өтті.

Мақсаты: Ұлттық және әлемдік көркем құндылықтар негізінде қоршаган әлем бейнесін, қазақ халқының және дүние жүзіндегі басқа халықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін және алуан түрлі өнерін түсіну және құрметтеу.

Танысу тренингімен басталып, білім алушылардың шығармашылық жұмыстары арқылы көрсетілді. Шебер - класс барысында түкті кілемді току әдіс -тәсілдері көрсетіліп, мұғалімдермен жұмыс орындалды.

Көркем еңбек пәні мұғалімі К. Райымкулова өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, рефлексия арқылы кері байланыс жүргізді

10. 2024 жылдың 30 қаңтар күні 5-7 сыныптар арасында «Тоғызқұмалақ» жарысы мәжіліс залында дene шынықтыру пәні мұғалімі А. Құлес үйымдастырыды.

Мақсаты: Жастар арасында ұмыт болған ұлттық тоғызқұмалық ойынын жандандыру;

Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;

Бұқаралық спортты дамыту, достықта патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Ұлттық рухани мәдениетімізді қалыптастыру;

Жарыс тікелей есепте, швецарлық жүйеде тоғызқұмалақ ережесімен өткізілді.

Әр ойыншыға 15 минут (шапшаң ойын) уақыт беріліп, ойынның жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау төменгі көрсеткіш бойынша анықталды.

Ұпай саны

Жеке кездесу

Коэффицент

Жарыс нәтижесінде жеңімпаз ойыншыларды марапаттады

11. Сонымен 31 қаңтар күні 6 сыйып оқушылар арасында командалық «Асық ату» спорт түрінен біріншілігі өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Өмірзақов.

Жарыстың мақсаты: Жастар арасында ұлттық асық ату ойынын дамыту; Салауатты өмір салтын насихаттау; Бұқаралық спортты дамыту; Достыққа патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Ұлттық рухани мәдениетіндегі қалыптастыру;

Ойын команда есепте, асық ату ережесімен өткізілді, әр оқушыға 4 минут уақыт берілді. Ойын нәтижесінде ойыншылар марапатталды.

Салауатты өмір салтын насихаттау; Бұқаралық спортты дамыту, достыққа патриоттық сезімге тәрбиелеу; Ұлттық рухани мәдениетіндегі қалыптастыру;

Жарыс команда есепте, асық ату ережесімен өткізіледі, әр оқушыға 4 минут уақыт беріледі. Жарыс нәтижесінде ойыншылар марапатталады.

12. 31 қаңтар 2024 жылы көркем еңбек пәні мұғалімі Н.Адиловтың 9 «б» сыйыбында «Цементтен құмыра жасау» тақырыбында шебер-классы өтті.

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығын ояту, шығармашылыққа баулу. Шебер класстың барысында оқушылар әрі қарай цементті сумен араластыру арқылы сұйық қаймаққа ұқсас ерітінді дайындауды. Пішінді айналдыра отырып, оған сұйылтылған цементті кішкене ағынмен құйяды, сонда бүкіл беті осы ерітіндімен жабылады. Ол өздігінен таралады, істеу үшін шпательді немесе шпательді пайдаланды. Бетон вазасын қалыптан төңкеріп, қалыпқа ақырын турут арқылы абалап алуға болады. Майлау жеткілікті болса, ваза қалыптан оңай шықты. Қорыта айтқанда оқушылардың жұмыстары жасалып, көрмеге қойылды.

Әстетикалық бірлестігінің 22.01-02.02.2024 жыл аралығында «Өнерлі ұрпақ жарқын болашақ» атты онкүндігі болды. Іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, сабактар өз деңгейінде өткізілді.

Сейлеуші К.Райымкулова - эстетика бірлестік жетекшісі: Онкүндіктің жоспарымен таныстырып, өтетін іс-шараларды және оқушылардың көрмесі орналастырылып оқушылар назарына ұсынылды. Бірлестік мұғалімдері ұйымдастырылған он бойы жұмыс жасады. Сабактарға қатысып іс-тәжірибелен бөлісті. Онкүндік жақсы дәрежеде өтті деген ойдамын.

13.01ақпан «Ән әлеміндегі, біз!» кластан тыс шараны музыка пәні мұғалімі Н.Иманалина Зынып оқушыларымен өтті.

Мақсаты: Оқушылардың музыка сабағында алған білімдерін пысықтау, әнге деген қызығушылығын арттыру, әншілік, шығармашылық қабілеттерін таланттың шындау.

Шара барысында бағдарламада өткен тақырыптарын бекіту мақсатында әндерді караоки арқылы айтуда, сұрақтарға жауап беруде. Оқушының ізденімпаздық ойлау қабілетін дамытатын кезеңдер қолданыды. Оқыту саласының қажеттілігіне педагогикалық ізденіспен қарап, сабакта жаңа технология әдістерін қолданылып, интерактивті тақтаны пайдаланылды. Оқушылар әрекетінен белсенділік, сабакқа қызығушылық қасиеттері байқалды.

14. Онкүндіктің жабылу салтанаты 02 ақпан күні «Биле, Биле» замануи би байқауымен қорытындыланды. Ұйымдастырушы қосымша білім беру мұғалімі А.Оразғалиева.

Мақсаты: Жас ұрпақтарды шығармашылыққа баулып, оқушылардың бойындағы өнерімен талабын арттыра түсіруді, оқушыларға өнер мәдениетін ұғындыру мен алға қойған мақсатқа жету жолдарын үрете білуге және қызығушылықтарын арттыруды мақсат ету.

Байқау барысында көпшілік құрметіне бөлген сайыскерлердің алдағы уақытта көптеген би байқауының жеңімпаздары атанып, орындаушылық шеберлігімен талғампаздығымен үлкен-

ұлken табыстарға жете беруіне осы байқаудың септігі тиді. Өнердің тәлім тәрбие беретін құдіретті күш екендігін осы іс-шарада көрсетілді. Сонынан байқау қатысушылары маралатталды.